



*М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік  
университетінің ұжымына*

## ***Құрметті әріптестер! Қымбатты достар!***

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойына орай білдірген құттықтауымды қабыл алыңыздар.*

*Осы жылдар ішінде Сіздердің қара шаңырақтарыңыз ғылым мен ағарту ісінің нағыз орталығына, Солтүстік Қазақстандағы білім берудің қайнар бұлағына айналды. Ел мақтан тұтатын, мемлекетіміздің дамуына зор еңбек сіңіріп жатқан бүгінгі таңдағы бірқатар мемлекет, қоғам, саясат қайраткерлері М.Қозыбаев атындағы СҚМУ түлектері болып табылады.*

*Білім ордасына аса көрнекті ғалым, академик, еліміздегі мемлекеттік және қоғамдық институттардың қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан ұлттық тарихи ғылымымыздың кемеңгері Манаш Қозыбаев есімінің берілуі – университет дамуындағы маңызды кезең болып қалды.*

*Манаш Қозыбаев барлық күш-жігері мен өмірін Отанымыздың тарихын зерттеу мен саралауға арнады. Халықтың зор құрметіне бөленген ғалым 800-ден астам ғылыми еңбекті жарыққа шығарды. Академик Қозыбаев Қазақстанның бүгінгі таңдағы көптеген қайраткерлерінің ұстазы болды. Мен кезінде оның жетекшілігімен еңбек етіп, ғұлама ғалыммен рухани тығыз байланыста болғанымды мақтаныш етемін.*

*Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі жақсы дәстүр, ұлы ғалым және ұстаз Манаш Қозыбаевтың ардақты есімі мен жетістігі, профессорлық-оқытушылық құрам, студенттер мен түлектер үшін барлық уақытта да темірқазық жұлдыз болып қалатынына сенімдімін.*

*Берекесі мен бірлігі жарасқан ұжымдарыңыздың биік белестерден көрініп, Қазақстан Республикасының игілігі үшін қызмет етіп, табыстан-табысқа жете беруіне шын жүректен тілектеспін.*

*Ізгі ниетпен,*

*«Нұр Отан» партиясы  
Төрағасының  
Бірінші орынбасары*

*Мұхтар Құл-Мұхаммед*





Коллективу  
Северо-Казахстанского  
государственного университета  
им. М. Козыбаева

**Уважаемые коллеги!  
Дорогие друзья!**

Примите мои самые искренние поздравления по случаю 80-летнего юбилея Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева.

За эти годы Ваше учебное заведение стало настоящим центром науки и просвещения, одним из флагманов образования в Северном Казахстане. Ряд современных государственных, общественных, политических деятелей нашей страны являются выпускниками СКГУ им. М.Козыбаева и вносят свой посильный вклад в развитие Республики.

Важной вехой развития университета стало присвоение ему имени Манаша Козыбаева – выдающегося ученого, академика, истинного корифея казахской исторической науки, внесшего неоценимый вклад в становление государственных и общественных институтов нашей страны.

Всю свою жизнь Манаш Кабашевич посвятил изучению и анализу истории нашего Отечества. Он выпустил свыше 800 научных трудов, снискав широкое уважение народа. Академик Козыбаев стал наставником для многих современных деятелей Казахстана и я искренне горжусь тем, что работал под его руководством, а впоследствии нас связывали почти два десятилетия тесного духовного родства.

Уверен, что славные традиции Северо-Казахстанского государственного университета, высокое имя и достояние Манаша Козыбаева, великого ученого и учителя, всегда будут служить добрым напутствием и жизненным ориентиром для профессорско-преподавательского состава, студенчества и выпускников.

От всей души желаю Вашему коллективу дальнейшего процветания и успехов на благо развития Республики Казахстан.

С уважением,

Первый заместитель  
Председателя  
партии «Нұр Отан»

Мухтар Кул-Мухаммед